
4050 – «Төлеуге ұзақ мерзімді сыйақылар», мұнда қаржылық жалға алу, алынған қарыздар, берілген вексельдер, эмиссияланған бағалы қағаздар мен сенімгерлік басқару шарттары бойынша төлеуге есептелген сыйақылардың болуымен және қозғалысымен байланысты операциялар және өзге де төлеуге ұзақ мерзімді сыйақылар көрсетіледі;

4060 – «Өзге ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер», мұнда алдыңғы топтарда көрсетілмеген өзге қаржылық міндеттемелер есепке алынады.

36. 4100 – «Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек» кіші бөлімі бір жылдан асатын мерзіммен кредиторлық берешектерді есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

ЕСЕП ШОТТАРЫ

4110 – «Өнім берушілер мен мердігерлерге ұзақ мерзімді кредиторлық берешек», мұнда бір жылдан асатын төлеу мерзімімен қорларды жеткізу немесе қайта өңдеу бойынша шығыстарды қоса алғанда, сатып алынған активтер мен пайдаланылған қызметтер үшін өнім берушілермен және мердігерлермен есеп айырысу бойынша операциялар және өнім берушілер мен мердігерлерге өзге ұзақ мерзімді берешек көрсетіледі;

4120 – «Еншілес ұйымдарға ұзақ мерзімді кредиторлық берешек», мұнда бір жылдан асатын мерзіммен сатып алынған активтер және пайдаланылған қызметтер үшін еншілес ұйымдармен есеп айырысу бойынша операциялар және еншілес ұйымдарға өзге ұзақ мерзімді кредиторлық берешек көрсетіледі;

4130 – «Қауымдастырылған және бірлескен ұйымдарға ұзақ мерзімді кредиторлық берешек», мұнда бір жылдан асатын мерзіммен сатып алынған активтер мен пайдаланылған қызметтер үшін қауымдастырылған және бірлескен ұйымдармен есеп айырысу жөніндегі операциялар және қауымдастырылған және бірлескен ұйымдарға өзге ұзақ мерзімді кредиторлық берешек көрсетіледі;

4140 – «Филиалдар мен құрылымдық бөлімшелерге берілетін ұзақ мерзімді кредиторлық берешек», мұнда филиалдар мен құрылымдық бөлімшелерге берілетін ұзақ мерзімді кредиторлық берешек есепке алынады;

4150 – «Жалға алу бойынша ұзақ мерзімді берешек», мұнда бір жылдан асатын мерзіммен қаржылық және операциялық алу бойынша жалға алу міндеттемелерін төлеумен байланысты операциялар көрсетіледі;

4160 – «Өзге де ұзақ мерзімді кредиторлық берешек», мұнда алдыңғы топтарда көрсетілмеген өзге де ұзақ мерзімді кредиторлық берешек есепке алынады.

37. 4200 – «Ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері» кіші бөлімі ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелерін анықталмаған уақытпен және сомамен міндеттемелер ретінде есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

4210 – «Ұзақ мерзімді кепілдік міндеттемелері», мұнда бір жылдан астам кепілдік мерзімімен өткізілген өнім бойынша кепілдік міндеттемелері бойынша резерв құрумен және қозғалысымен байланысты операциялар көрсетіледі;

4220 – «Заңды наразылықтар бойынша ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері», мұнда қарау мерзімі бір жылдан асатын сот қуынымдары және өзге де заңды наразылықтар бойынша ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері бойынша резерв құрумен және қозғалысымен байланысты операциялар көрсетіледі;

4230 – «Қызметкерлерге сыйақылар бойынша ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері», мұнда қызметкерлер тиісті қызметтер ұсынған кезең аяқталғаннан кейін он екі ай немесе одан көп уақыттан кейін төлеуге жататын ақы төленетін жұмыста болмауы нысанында қызметкерлерге сыйақы төлеуге және пайдаға қатысуға және сыйлықақы төлеуге күтілетін шығындар және қызметкерлерге сыйақылар бойынша өзге қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері көрсетіледі;

4240 – «Өзге де ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері», мұнда алдыңғы шоттар топтарында көрсетілмеген өзге де ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері есепке алынады.

38. 4300 – «Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер» кіші бөлімі кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығын есепке алуға арналған және мынадай шотты қамтиды:

4310 – «Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер», мұнда салық салынатын уақыт айырмасына байланысты алдағы кезеңдерде төленуі тиіс пайдаға салынатын салық сома-сы есепке алынады.

39. 4400 – «Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер» кіші бөлімі алдыңғы кіші бөлімдерде көрсетілмеген өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелерді есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

4410 – «Алынған ұзақ мерзімді аванстар», мұнда тауарларды, шикізатты, материалдарды жеткізу, қызметтер көрсету үшін, сондай-ақ тапсырыс берушілерге ішінара дайындық бойынша өндірілген өнімге ақы төлеу бойынша алынған аванстар және өзге де алынған ұзақ мерзімді аванстар есепке алынады;

4420 – «Алдағы кезеңдердің кірістері», мұнда ағымдағы есепті кезеңде алынған, бірақ болашақ есепті кезеңге жатқызылатын кірістер көрсетіледі;

4430 – «Шарттар бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелер», мұнда сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша міндеттемелер есепке алынады;

4440 – «Аралас ұзақ мерзімді қаржы құралының борыштық құрауышы», мұнда біріктірілген ұзақ мерзімді қаржы құралының борыштық құрауышы есепке алынады;

4450 – «Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер», мұнда алдыңғы топтарда көрсетілмеген өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер есепке алынады.

8. «Капитал мен резервтер» 5-бөлімінің шоттары

40. 5 «Капитал мен резервтер» бөлімінің шоттары капитал мен резервтерді есепке алуға арналған.

ЕСЕП ШОТТАРЫ

5 «Капитал мен резервтер» бөлімі мынадай кіші бөлімдерді қамтиды:

5000 – «Жарғылық капитал»;

5100 – «Төленбеген капитал»;

5200 – «Сатып алынған меншікті үлестік құралдар»;

5300 – «Эмиссиялық кіріс»;

5400 – «Қосымша төленген капитал»;

5500 – «Резервтер»;

5600 – «Бөлінбеген пайда (жабылмаған залал)»;

5700 – «Қорытынды пайда (қорытынды залал)».

41. 5000 – «Жарғылық капитал» кіші бөлімі ұйымдардың шығарылған капиталын, жарғылық капиталын немесе мүліктік (пай) қорын есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

5010 – «Артықшылықты акциялар», мұнда акционерлік қоғамның төленген эмиссияланған артықшылықты акцияларының жиынтықты номиналды құны есепке алынады;

5020 – «Қарапайым акциялар», мұнда акционерлік қоғамның төленген эмиссияланған қарапайым акцияларының жиынтық номиналды құны есепке алынады;

5030 – «Салымдар мен пай», мұнда серіктестіктің жарғылық капиталына салымдардың құны есепке алынады.

42.5100 – «Төленбеген капитал» кіші бөлімі ұйымдардың төленбеген капиталын есепке алуға арналған және мынадай шотты қамтиды:

5110 – «Төленбеген капитал», мұнда эмиссияланған акцияларды төлеу, ұйымдардың жарғылық капиталына салымдар (мүліктік жарналар) енгізу жөніндегі операциялар, сондай-ақ жеке тұлғалардың және ұйымдардың эмиссияланған акцияларын төлеу бойынша берешегі және ұйымдардың жарғылық капиталына салымдарды (мүліктік жарналарды) енгізу бойынша құрылтайшылардың берешегі көрсетіледі.

43. 5200 – «Сатып алынған меншікті үлестік құралдар» кіші бөлімі сатып алынған меншікті үлестік құралдарды есепке алуға арналған және мынадай шотты қамтиды:

5210 – «Сатып алынған меншікті үлестік құралдары», мұнда меншікті үлестік құралдарды сатып алу нәтижесіндегі өз капиталдындағы өзгерістер көрсетіледі.

44. 5300 – «Эмиссиялық кіріс» кіші бөлімі эмиссиялық кірісті есепке алуға арналған және мынадай шотты қамтиды:

5310 – «Эмиссиялық кіріс», мұнда шығарылған меншікті үлестік құралдар бойынша бойынша эмиссиялық кіріс есепке алынады.

45. 5400 – «Қосымша төленген капитал» кіші бөлімі қосымша төленген капиталды есепке алуға арналған және мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

5410 – «Негізгі ұйыммен өтеусіз операциялар бойынша қосымша төленген капитал», мұнда негізгі ұйыммен өтеусіз операциялар бойынша қосымша төленген капитал есепке алынады;

5420 – «Өзге операциялар бойынша қосымша төленген капитал», мұнда өзге операциялар бойынша қосымша төленген капитал есепке алынады.

46. 5500 – «Резервтер» кіші бөлімі қаржылық есептілік стандарттарының талаптарына сәйкес, сондай-ақ құрылтай құжаттарына және ұйымның есептік саясатына сәйкес капитал шоттарында көрсетілетін резервтерді есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

5510 – «Құрылтай құжаттарында белгіленген резервтік капитал», мұнда Қазақстан Республикасының заңнамасына және құрылтай құжаттарына сәйкес белгіленген резервтік капитал көрсетіледі;

5520 – «Негізгі құралдарды қайта бағалауға арналған резерв», мұнда негізгі құралдарды қайта бағалау жөніндегі операциялар көрсетіледі;

5530 – «Материалдық емес активтерді қайта бағалауға арналған резерв», мұнда материалдық емес активтерді қайта бағалау жөніндегі операциялар көрсетіледі;

5540 – «Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша есепке алынатын қаржылық активтерді қайта бағалауға арналған резерв», мұнда өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша есепке алынатын қаржылық активтер бойынша қайта бағалау есепке алынады;

5550 – «Қаржылық активтер бойынша залалға арналған резерв», мұнда қаржылық активтер бойынша күтілетін кредиттік залалдарға арналған бағалау резервтері есепке алынады;

5560 – «Шетелдік қызмет бойынша шетел валютасын қайта есептеуге арналған резерв», мұнда мәні бойынша ұйымның шетелдік ұйымға таза инвестицияларының бір бөлігін құрайтын және ұйымның қаржылық есептілігінде таза инвестиция шығарылғанға дейін жеке капитал ретінде жіктелетін, одан кейін кіріс немесе шығыс ретінде танылатын монетарлық бап бойынша туындаған бағамдық айырмалар көрсетіледі;

5570 – «Өзге резервтер», мұнда алдыңғы топтарда көрсетілмеген өзге резервтер көрсетіледі.

47. 5600 – «Бөлінбеген пайда (жабылмаған залал)» кіші бөлімі бөлінбеген пайданы немесе жабылмаған залалды есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

ЕСЕП ШОТТАРЫ

5610 – «Есепті жылдың бөлінбеген пайдасы (жабылмаған залалы)», мұнда есепті жылдың бөлінбеген пайдасы немесе залалы көрсетіледі;

5620 – «Алдыңғы жылдардың бөлінбеген пайдасы (жабылмаған залалы)», мұнда алдыңғы жылдардың бөлінбеген пайдасы немесе залалы көрсетіледі.

48. 5700 – «Қорытынды пайда (қорытынды залал)» кіші бөлімі есепті кезең үшін ұйымның қорытынды пайдасын (қорытынды залалын) есепке алуға арналған және мынадай шотты қамтиды.

5710 – «Қорытынды пайда (қорытынды залал)», мұнда есепті кезең ішіндегі ұйымның қорытынды пайдасы (қорытынды залалы) көрсетіледі, сондай-ақ есепті кезеңдегі түпкілікті қаржы нәтижесін қалыптастыру жөніндегі ақпарат қорытылады.

9. «Кірістер» 6-бөлімінің шоттары

49. 6 «Кірістер» бөлімінің шоттары кірістерді есепке алуға арналған.

6 «Кірістер» бөлімі мынадай кіші бөлімдерді қамтиды:

6000 – «Өнімдерді сатудан және қызмет көрсетуден алынатын кіріс»;

6100 – «Қаржыландырудан алынатын кірістер»;

6200 – «Өзге де кірістер»;

6300 – «Тоқтатылатын қызметке байланысты кірістер»;

6400 – «Үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін ұйымдар пайдасының үлесі».

Есепті кезеңнің соңында осы бөлімнің шоттары 5710 – «Қорытынды пайда (қорытынды залал)» шотына жабылады.

50. 6000 «Өнімді сатудан және қызметтерді көрсетуден түсетін кіріс» кіші бөлімі өнімді сатудан және қызметтерді көрсетуден түсетін кірістерді есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

6010 – «Өнімді сатудан және қызметтер көрсетуден түсетін кіріс», мұнда өнімдерді сатудан және қызметтер көрсетуден түсетін кірістерді алумен байланысты операциялар көрсетіледі;

6020 – «Сатылған өнімді қайтару», онда сатылған өнімді қайтарумен байланысты операциялар көрсетіледі;

6030 – «Бағадан және сатудан жеңілдіктер», мұнда бағадан немесе сатудан жеңілдік ұсынумен байланысты операциялар көрсетіледі.

51. 6100 – «Қаржыландырудан түсетін кіріс» кіші бөлімі қаржыландырудан түсетін кірісті есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

6110 – «Сыйақылар бойынша кірістер», мұнда қаржылық активтер, мысалы депозиттер, берілген қарыздар бойынша кірістер алумен байланысты операциялар көрсетіледі;

6120 – «Дивидендтер бойынша кірістер», мұнда бағалы қағаздар бойынша алынған дивидендтер бойынша кірістерді алумен байланысты операциялар көрсетіледі;

6130 – «Қаржылық жалдау бойынша кірістер», мұнда қаржылық жалдауға берілген активтер бойынша кірістер алумен байланысты операциялар көрсетіледі;

6140 – «Жылжымайтын мүлікке инвестициялармен операциялардан алынатын кірістер», мұнда жалдау төлемдерін немесе капитал құнының өсуінен кірістерді немесе екеуін де алу мақсатында иелігіндегі (жалдау шарты бойынша иесінің немесе жалға алушының) жылжымайтын мүліктен (жер, ғимарат, немесе олардың бөлігі) кірістерді алумен байланысты операциялар көрсетіледі;

6150 – «Қаржылық құралдардың әділ құнын өзгертуден түсетін кірістер», мұнда қаржылық активтің әділ құнын өзгертуден кірістерді алумен байланысты операциялар немесе оның өзгеруін кіріс ретінде тани отырып пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын міндеттемелер көрсетіледі;

6160 – «Қаржыландырудан түсетін –зге де кірістер», мұнда алдыңғы топтарда көрсетілмеген қаржыландырудан түсетін кірістерді алумен байланысты операциялар көрсетіледі.

52. 6200 – «Өзге де кірістер» кіші бөлімі басқа да кірістерді есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

6210 – «Активтердің шығарылуынан түсетін кірістер», мұнда мынадай активтерді, мәселен негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді, қаржылық активтерді сатудан түсетін кірістерді алумен байланысты операциялар көрсетіледі;

6220 – «Өтеусіз алынған активтерден түсетін кірістер», мұнда өтеусіз алынған активтерге байланысты операциялар көрсетіледі;

6230 – «Мемлекеттік субсидиялардан алынатын кірістер», мұнда мемлекеттік субсидиялардан кірістерді алумен байланысты операциялар көрсетіледі;

6240 – «Қаржылық емес активтер бойынша құнсызданудан залалды қалпына келтіруден түсетін кірістер», мұнда қаржылық емес активтердің құнсыздануынан болатын залалды қалпына келтіруден алынатын кірістер көрсетіледі;

6250 – «Бағамдық айырмадан түсетін кірістер», мұнда есептерде валюталардың әртүрлі айырбас бағамдарын пайдалана отырып есептілік валютасында көрсетілген шетелдік валюта бірліктерінің бірдей санын көрсету нәтижесінде туындайтын бағамдық айырмадан кірістерді алумен байланысты операциялар көрсетіледі;

ЕСЕП ШОТТАРЫ

6260 – «Операциялық жалдаудан түсетін кірістер», мұнда операциялық жалдауға берілген активтер бойынша кірістер алумен байланысты операциялар көрсетіледі;

6270 – «Биологиялық активтердің әділ құнын өзгертуден түсетін кірістер», мұнда биологиялық активтердің әділ құнын өзгертуден түсетін кірістерді алумен байланысты операциялар көрсетіледі;

6280 – «Қаржылық активтер бойынша құнсызданудан залалды қалпына келтіруден алынатын кірістер», мұнда қаржылық активтің құнсыздануынан залалды қалпына келтіруден алынатын кірістер есепке алынады;

6290 – «Өзге кірістер», мұнда алдыңғы топтарда көрсетілмеген өзге де кірістерді алумен байланысты операциялар көрсетіледі.

53. 6300 – «Токтатылатын қызметпен байланысты кірістер» кіші бөлімі токтатылатын қызметке байланысты кірістерді есепке алуға арналған және мынадай шотты қамтиды:

6310 – «Токтатылатын қызметпен байланысты кірістер», мұнда өткізілген активтерден кірістер алумен байланысты операциялар немесе токтатылатын қызметпен байланысты міндеттемелер бойынша есептер көрсетіледі.

54. 6400 – «Үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін ұйымдар пайдасының үлесі» кіші бөлімі үлестік қатысу әдісімен ескерілетін ұйымдар пайдасының үлесін көрсетуге арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

6410 – «Қауымдастырылған ұйымдардың пайда үлесі», мұнда үлестік қатысу әдісімен ескерілетін қауымдастырылған ұйымдардың пайдасының үлесі есепке алынады;

6420 – «Бірлескен ұйымдардың пайда үлесі», мұнда үлестік қатысу әдісімен ескерілетін бірлескен ұйымдардың пайда үлесі есепке алынады.

10. «Шығыстар» 7-бөлімінің шоттары

55. 7 «Шығыстар» бөлімінің шоттары шығыстарды есепке алуға арналған.

7 «Шығыстар» бөлімі мынадай кіші бөлімдерді қамтиды:

7000 – «Сатылған өнімнің және көрсетілген қызметтердің өзіндік құны»;

7100 – «Өнімді сату және қызметтер көрсету бойынша шығыстар»;

7200 – «Әкімшілік шығыстар»;

7300 – «Қаржыландыруға арналған шығыстар»;

7400 – «Өзге де шығыстар»;

7500 – «Токтатылатын қызметке байланысты шығыстар»;

7600 – «Үлестік қатысу әдісімен ескерілетін ұйымдардың залалдағы үлесі»;

7700 – «Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар».

Есепті кезеңнің соңында осы бөлімнің шоттары 5710 – «Қорытынды пайда (қорытынды залал)» шотына жабылады.

56. 7000 «Сатылған өнімнің және көрсетілген қызметтердің өзіндік құны» кіші бөлімі сатылған өнімнің және көрсетілген қызметтердің өзіндік құнын есепке алуға арналған және мынадай шотты қамтиды:

7010 – «Сатылған өнімнің және көрсетілген қызметтердің өзіндік құны», мұнда сатылған өнімнің және көрсетілген қызметтердің өзіндік құны есепке алынады.

57. 7100 – «Өнімдерді сату және қызметтер көрсету бойынша шығыстар» кіші бөлімі өнімдерді сату және қызметтер көрсету бойынша шығыстарды есепке алуға арналған және мынадай шотты қамтиды:

7110 – «Өнімдерді сату және қызметтер көрсету бойынша шығыстар» онда өнімдерді сатумен және қызметтер көрсетумен байланысты шығыстар есепке алынады.

58. 7200 – «Әкімшілік шығыстар» кіші бөлімі әкімшілік шығыстарды есепке алуға арналған және мынадай шотты қамтиды:

7210 – «Әкімшілік шығыстар», мұнда өндірістік процеспен байланысты емес басқару және шаруашылық шығыстар есепке алынады.

59. 7300 – «Қаржыландыруға арналған шығыстар» кіші бөлімі қаржыландыруға арналған шығыстарды есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

7310 – «Сыйақылар бойынша шығыстар», мұнда қаржылық міндеттемелер бойынша шығыстар, мысалы алынған қарыздар бойынша пайыздарды төлеуге арналған шығыстар көрсетіледі;

7320 – «Қаржылық жалдау бойынша пайыздарды төлеуге арналған шығыстар», мұнда қаржылық жалға алынған активтер, мысалы негізгі құралдар бойынша шығыстар көрсетіледі;

7330 – «Қаржылық құралдардың әділ құнын өзгертуден болатын шығыстар», мұнда қаржылық активтің әділ құнының немесе әділ құн бойынша бағаланатын міндеттеменің өзгеруінен болатын шығыстар көрсетіледі;

7340 – «Қаржыландыруға арналған өзге де шығыстар», мұнда алдыңғы топтарда көрсетілмеген қаржыландыруға арналған өзге де шығыстар көрсетіледі.

60. 7400 – «Өзге де шығыстар» кіші бөлімі әдеттегі қызмет процесіне қарамастан туындайтын өзге де өндірістік емес шығыстарды есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

7410 – «Активтерді шығару бойынша шығыстар», мұнда активтерді сату, өтеусіз беру және есептен шығару бойынша шығыстар, мысалы негізгі

ЕСЕП ШОТТАРЫ

құралдарды, материалдық емес активтерді, қаржылық активтерді сату, өтеусіз беру және есептен шығару бойынша шығыстар, демонтаж бойынша шығыстар есепке алынады;

7420 – «Қаржылық емес активтердің құнсыздануынан шығыстар», мұнда қаржылық емес активтердің құнсыздануынан шығыстар есепке алынады;

7430 – «Бағамдық айырма бойынша шығыстар», мұнда шетелдік қызметке бағамдық айырма бойынша шығыстарды қоспағанда, ағымдағы кезеңде олар бастапқы танылғандардан немесе алдыңғы қаржылық есептерде ұсынылғандардан ерекше бағамдар бойынша ұйымның монетарлық баптарын өтеу кезінде немесе есептілікте монетарлық баптарды ұсыну кезінде туындайтын бағамдық айырма бойынша шығыстар есепке алынады;

7440 – «Дебиторлық берешектің құнсыздануы бойынша шығыстар», мұнда дебиторлық берешектің құнсыздануы бойынша шығыстар есепке алынады;

7450 – «Операциялық жалдау бойынша шығыстар», онда операциялық жалдау бойынша шығыстар есепке алынады;

7460 – «Биологиялық активтердің әділ құнының өзгеруінен болатын шығыстар», мұнда биологиялық активтердің әділ құнының өзгеруінен болатын шығыстар есепке алынады;

7470 – «Қаржы құралдарының құнсыздануынан болатын шығыстар» қаржы құралдарының құнсыздануынан болатын шығыстар есепке алынады;

7480 – «Өзге шығыстар», мұнда алдыңғы топтарда көрсетілмеген өзге де шығыстар есепке алынады.

61. 7500 – «Тоқтатылатын қызметке байланысты шығыстар» кіші бөлімі тоқтатылатын қызметпен байланысты шығыстарды есепке алуға арналған мынадай шотты қамтиды:

7510 – «Тоқтатылатын қызметке байланысты шығыстар», мұнда тоқтатылатын қызметпен байланысты өткізілген активтер немесе міндеттемелер бойынша есеп айырысулар бойынша шығыстар есепке алынады.

62. 7600 – «Үлестік қатысу әдісімен ескерілетін ұйымдардың залалындағы үлес» кіші бөлімі үлестік қатысу әдісімен ескерілетін ұйымдардың залалындағы үлесті көрсетуге арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

7610 – «Қауымдастырылған ұйымдардың залалындағы үлес», мұнда үлестік қатысу әдісімен ескерілетін қауымдастырылған ұйымдардың залалындағы үлес есепке алынады;

7620 – «Бірлескен ұйымдардың залалындағы үлес» мұнда үлестік қатысу әдісімен ескерілетін бірлескен ұйымдардың залалындағы үлес есепке алынады.

63. 7700 – «Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар» кіші бөлімі корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстарды есепке алуға арналған және мынадай шотты қамтиды:

7710 – «Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар», мұнда корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар есепке алынады.

11. «Өндірістік есепке алу шоттары» 8-бөлімінің шоттары

64. 8 «Өндірістік есепке алу шоттары» бөлімінің шоттары ұйымдардың өнімді өндіруге және қызметтер көрсетуге арналған шығындарын есепке алуға арналған. Осы бөлімнің шоттарында олардың пайда болу орындары және басқа да белгілері бойынша шығындарды топтау, сондай-ақ дайын өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау жүзеге асырылады.

8 «Өндірістік есепке алу шоттары» бөлімі мынадай кіші бөлімдерді қамтиды:

8100 – «Негізгі өндіріс»;

8200 – «Өз өндірісінің жартылай фабрикаттары»;

8300 – «Қосалқы өндірістер»;

8400 – «Жүкқұжат шығыстары».

65. 8100 «Негізгі өндіріс» кіші бөлімі негізгі өндіріс шығындарын есепке алуға арналған және мынадай шотты қамтиды:

8110 – «Негізгі өндіріс», мұнда негізгі өндіріске арналған шығындар, оның ішінде шикізат пен материалдардың шығысы, тікелей негізгі өндірістегі қызметкерлердің еңбекақысы және еңбекақысының сомасынан аударымдар, негізгі өндіріске жатқызылған жүкқұжат шығыстар есепке алынады.

66. 8200 – «Өз өндірісінің жартылай фабрикаттары», мұнда өз өндірісінің жартылай фабрикаттарын есепке алуға арналған және мынадай шотты қамтиды:

8210 – «Өз өндірісінің жартылай фабрикаттары», мұнда жартылай фабрикаттарды өндіруге арналған шығындар есепке алынады.

67. 8300 – «Қосалқы өндірістер» қосалқы өндіріс шығындарын есепке алуға арналған және мынадай шотты қамтиды:

8310 – «Қосалқы өндірістер», мұнда ұйымның негізгі өндірісіне қатысты қосалқы болып табылатын өндірістердің шығындары есепке алынады.

68. 8400 – «Жүкқұжат шығыстары» кіші бөлімі жүкқұжат шығыстарын есепке алуға арналған және мынадай шотты қамтиды:

8410 – «Жүкқұжат шығыстары», мұнда негізгі және қосалқы өндірістер, сондай-ақ өз өндірісінің жартылай фабрикаттары бойынша жүкқұжаттар шығыстары көрсетіледі.

ЕСЕП ШОТТАРЫ

*Бухгалтерлік есеп шоттарының
үлгілік жоспарына
қосымша*

Бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспары

1-бөлім. Қысқа мерзімді активтер	
1000	Ақшалай қаражат
1010	Кассадағы ақшалай қаражат
1020	Жолдағы ақша қаражаты
1030	Ағымдағы банктік шоттардағы ақшалай қаражат
1040	Корреспонденттік шоттардағы ақшалай қаражат
1050	Жинақ шоттарындағы ақшалай қаражат
1060	Пайдаланылуы шектелген ақшалай қаражат
1070	Электрондық ақшаны есепке алу
1080	Өзге де ақшалай қаражат
1090	Ақшалай қаражаттың құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резерві
1100	Қысқа мерзімді қаржылық активтер
1110	Қысқа мерзімді амортизациялық құн бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржылық активтер
1120	Қысқа мерзімді басқа жиынтық табыс арқылы әділ құнмен бағаланған қаржылық активтер
1130	Қысқа мерзімді пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланған қысқа мерзімді қаржылық активтер
1140	Туынды қаржы құралдар
1150	Алуға арналған қысқа мерзімді сыйақылар
1160	Өзге қысқа мерзімді қаржылық активтер
1170	Қысқа мерзімді қаржылық активтердің құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резервтері
1200	Қысқа мерзімді дебиторлық берешек
1210	Сатып алушылар мен тапсырысшылардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі
1220	Еншілес ұйымдардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі
1230	Қауымдастырылған және бірлескен ұйымдардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі
1240	Филиалдар мен құрылымдық бөлімшелердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі

ЕСЕП ШОТТАРЫ*Кестенің жалғасы*

1250	Қызметкерлердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі
1260	Жалдау бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек
1270	Өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешек
1280	Қысқа мерзімді дебиторлық берешектің құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резервтері
1300	Қорлар
1310	Шикізат және материалдар
1320	Дайын өнім
1330	Тауарлар
1340	Аяқталмаған өндіріс
1350	Өзге қорлар
1360	Қорлардың құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резервтері
1370	Қорларды қайтару құқығы бар актив
1400	Ағымдағы салықтық активтер
1410	Корпоративтік табыс салығы
1420	Қосылған құн салығы
1430	Өзге салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер
1500	Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер
1510	Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер
1520	Сатуға арналған істен шығатын топтар
1530	Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтердің (немесе істен шығатын топтардың) құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резервтері
1600	Биологиялық активтер
1610	Өсімдіктер
1620	Жануарлар
1630	Биологиялық активтердің құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резерві
1700	Өзге қысқа мерзімді активтер
1710	Берілген қысқа мерзімді аванстар
1720	Алдағы кезеңдердің шығыстары
1730	Шарттар бойынша қысқа мерзімді активтер
1740	Шарттар бойынша қысқа мерзімді активтердің құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резерві
1750	Өзге қысқа мерзімді активтер

ЕСЕП ШОТТАРЫ

Кестенің жалғасы

2-бөлім. Ұзақ мерзімді активтер	
2000	Ұзақ мерзімді қаржылық активтер
2010	Ұзақ мерзімді амортизациялық құнмен бағаланған қаржылық активтер
2020	Ұзақ мерзімді басқа жиынтық табыс арқылы әділ құнмен бағаланған қаржылық активтер
2030	Ұзақ мерзімді пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланған қаржылық активтер
2040	Туынды қаржы құралдар
2050	Алуға арналған ұзақ мерзімді сыйақылар
2060	Үлескерлік құралдар
2070	Өзге ұзақ мерзімді қаржылық активтер
2080	Ұзақ мерзімді қаржылық активтің құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резерві
2100	Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек
2110	Сатып алушылар мен тапсырысшылардың ұзақ мерзімді берешегі
2120	Еншілес ұйымдардың ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі
2130	Қауымдастырылған және бірлескен ұйымдардың ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі
2140	Филиалдар мен құрылымдық бөлімшелердің ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі
2150	Қызметкерлердің ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі
2160	Жалдау бойынша ұзақ мерзімді дебиторлық берешек
2170	Өзге ұзақ мерзімді дебиторлық берешек
2180	Ұзақ мерзімді дебиторлық берешектің құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резерві
2200	Инвестициялар
2210	Үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын инвестициялар
2220	Бастапқы құны бойынша есепке алынатын инвестициялар
2230	Инвестициялардың құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резерві
2300	Инвестициялық жылжымайтын мүлік
2310	Инвестициялық жылжымайтын мүлік
2320	Инвестициялық жылжымайтын мүліктің амортизациясы
2330	Инвестициялық жылжымайтын мүліктің құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резерві

ЕСЕП ШОТТАРЫ

Кестенің жалғасы

2400	Негізгі құралдар
2410	Негізгі құралдар
2420	Негізгі құралдардың амортизациясы
2430	Негізгі құралдардың құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резерві
2440	Активті пайдалану құқығы
2450	Активті пайдалану құқығының амортизациясы
2460	Активті пайдалану құқығының құнсыздануынан болатын залал
2500	Биологиялық активтер
2510	Өсімдіктер
2520	Жануарлар
2530	Биологиялық активтердің амортизациясы
2540	Биологиялық активтердің құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резерві
2600	Барлау және бағалау активтері
2610	Барлау және бағалау активтері
2620	Барлау және бағалау активтерінің амортизациясы
2630	Барлау және бағалау активтерінің құнсыздануынан болатын шығындарға арналған бағалау резерві
2700	Материалдық емес активтер
2710	Гудвилл
2720	Гудвиллдің құнсыздануы
2730	Өзге материалдық емес активтер
2740	Өзге материалдық емес активтердің амортизациясы
2750	Өзге материалдық емес активтердің құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резерві
2760	Активті пайдалану құқығы
2770	Активті пайдалану құқығының амортизациясы
2780	Активті пайдалану құқығының құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резерві
2800	Кейінге қалдырылған салықтық активтер
2810	Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған салықтық активтер
2900	Өзге ұзақ мерзімді активтер
2910	Берілген ұзақ мерзімді аванстар
2920	Алдағы кезеңдердің шығыстары
2930	Аяқталмаған құрылыс

ЕСЕП ШОТТАРЫ

Кестенің жалғасы

2940	Шарттар бойынша ұзақ мерзімді активтер
2950	Шарттар бойынша ұзақ мерзімді активтерің құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резерві
2960	Шарттар бойынша шығындар
2970	Шарттар бойынша шығындар амортизациясы
2980	Шарттар бойынша шығындардың құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резерві
2990	Алдағы топтарда көрсетілмеген ұзақ мерзімді активтердің басқа топтары ескерілген өзге ұзақ мерзімді активтер
3-бөлім. Қысқа мерзімді міндеттемелер	
3000	Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер
3010	Қысқа мерзімді амортизациялық құнмен бағаланған қаржылық міндеттемелер
3020	Қысқа мерзімді пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланған қаржылық міндеттемелер
3030	Туынды қаржы құралдар
3040	Қатысушылардың дивидендтері мен кірістері бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек
3050	Төлеуге арналған қысқа мерзімді сыйақылар
3060	Ұзақ мерзімді амортизациялық құнмен бағаланған қаржы міндеттемелерінің ағымдағы бөлігі
3070	Ұзақ мерзімді пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланған қаржы міндеттемелерінің ағымдағы бөлігі
3080	Өзге қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер
3100	Салықтар бойынша міндеттемелер
3110	Төлеуге тиісті корпоративтік табыс салығы
3120	Жеке табыс салығы
3130	Қосылған құн салығы
3140	Акциздер
3150	Әлеуметтік салық
3160	Жер салығы
3170	Көлік құралдары салығы
3180	Мүлік салығы
3190	Өзге салықтар
3200	Басқа да міндетті және еркін төлемдер бойынша міндеттемелер
3210	Әлеуметтік сақтандыру бойынша міндеттемелер
3220	Зейнетақы аударымдары бойынша міндеттемелер

ЕСЕП ШОТТАРЫ

Кестенің жалғасы

3230	Басқа да міндетті төлемдер бойынша өзге міндеттемелер
3240	Басқа да еркін төлемдер бойынша өзге міндеттемелер
3300	Қысқа мерзімді кредиторлық берешек
3310	Өнім берушілер мен мердігерлерге берілетін қысқа мерзімді берешек
3320	Еншілес ұйымдарға берілетін қысқа мерзімді кредиторлық берешек
3330	Қауымдастырылған және бірлескен ұйымдарға берілетін қысқа мерзімді кредиторлық берешек
3340	Филиалдарға және құрылымдық бөлімшелерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек
3350	Еңбекақы төлеу бойынша қысқа мерзімді берешек
3360	Жалдау бойынша қысқа мерзімді берешек
3370	Ұзақ мерзімді кредиторлық берешектің ағымдағы бөлігі
3380	Өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешек
3400	Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері
3410	Қысқа мерзімді кепілгерлік міндеттемелер
3420	Заңды наразылықтар бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер
3430	Қызметкерлерге сыйақылар бойынша қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері
3440	Өзге қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері
3500	Өзге қысқа мерзімді міндеттемелер
3510	Алынған қысқа мерзімді аванстар
3520	Алдағы кезеңдердің кірістері
3530	Сатуға арналған істен шығатын топтың міндеттемелері
3540	Шарттар бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер
3550	Аралас қысқа мерзімді қаржы құралының борыштық құрауышы
3560	Өзге қысқа мерзімді міндеттемелер
4-бөлім. Ұзақ мерзімді міндеттемелер	
4000	Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер
4010	Ұзақ мерзімді амортизациялық құнмен бағаланған қаржылық міндеттемелер
4020	Ұзақ мерзімді пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланған қаржылық міндеттемелер
4030	Туынды қаржы құралдар
4040	Қатысушылардың дивидендтері және кірістері бойынша ұзақ мерзімді кредиторлық берешек

ЕСЕП ШОТТАРЫ

Кестенің жалғасы

4050	Төлеуге арналған ұзақ мерзімді сыйақылар
4060	Өзге ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер
4100	Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек
4110	Өнім берушілер мен мердігерлерге берілетін ұзақ мерзімді кредиторлық берешек
4120	Еншілес ұйымдарға берілетін ұзақ мерзімді кредиторлық берешек
4130	Қауымдастырылған және бірлескен ұйымдарға берілетін ұзақ мерзімді кредиторлық берешек
4140	Филиалдар мен құрылымдық бөлімшелерге берілетін ұзақ мерзімді кредиторлық берешек
4150	Жалдау бойынша ұзақ мерзімді берешек
4160	Өзге ұзақ мерзімді кредиторлық берешек
4200	Ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері
4210	Ұзақ мерзімді кепілгерлік міндеттемелер
4220	Заңды наразылықтар бойынша ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері
4230	Қызметкерлерге сыйақылар бойынша ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері
4240	Өзге ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері
4300	Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер
4310	Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған салық міндеттемелері
4400	Өзге ұзақ мерзімді міндеттемелер
4410	Алынған ұзақ мерзімді аванстар
4420	Алдағы кезеңдердің кірістері
4430	Шарттар бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелер
4440	Аралас ұзақ мерзімді қаржы құралының борыштық құрауышы
4450	Өзге ұзақ мерзімді міндеттемелер
5-бөлім. Капитал мен резервтер	
5000	Жарғылық капитал
5010	Артықшылықты акциялар
5020	Қарапайым акциялар
5030	Салымдар мен пай
5100	Төленбеген капитал
5110	Төленбеген капитал
5200	Сатып алынған меншікті үлес құралдары
5210	Сатып алынған меншікті үлес құралдары

ЕСЕП ШОТТАРЫ

Кестенің жалғасы

5300	Эмиссиялық кіріс
5310	Эмиссиялық кіріс
5400	Қосымша төленген капитал
5410	Негізгі ұйыммен өтеусіз операциялар бойынша қосымша төленген капитал
5420	Өзге операциялар бойынша қосымша төленген капитал
5500	Резервтер
5510	Құрылтайшы құжаттармен белгіленген резервтік капитал
5520	Негізгі құралдарды қайта бағалауға арналған резерв
5530	Материалдық емес активтерді қайта бағалауға арналған резерв
5540	Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша ескерілген қаржылық активтерді қайта бағалауға арналған резерв
5550	Қаржылық активтер бойынша залалға арналған резерв
5560	Шетел қызметі бойынша шетел валютасын қайта есептеуге арналған резерв
5570	Өзге резервтер
5600	Бөлінбеген пайда (жабылмаған залал)
5610	Есепті жылдың бөлінбеген пайдасы (жабылмаған залалы)
5620	Өткен жылдардың бөлінбеген пайдасы (жабылмаған залалы)
5700	Қорытынды пайда (қорытынды залал)
5710	Қорытынды пайда (қорытынды залал)
6-бөлім. Кірістер	
6000	Өнімдерді өткізу мен қызметтер көрсетуден түскен кіріс
6010	Өнімдерді өткізу мен қызметтер көрсетуден түскен кіріс
6020	Сатылған өнімді қайтару
6030	Бағадан және сатудан жеңілдіктер
6100	Қаржыландырудан түскен кірістер
6110	Сыйақылар бойынша кірістер
6120	Дивидендтер бойынша кірістер
6130	Қаржылық жалдаудан түскен кірістер
6140	Жылжымайтын мүлікке инвестициялармен болатын операциялардан түскен кірістер
6150	Қаржылық аспаптардың әділ құнының өзгеруінен түскен кірістер
6160	Қаржыландырудан түскен өзге кірістер
6200	Өзге кірістер
6210	Активтерді істен шығарудан түскен кірістер
6220	Өтеусіз алынған активтерден алынған кірістер

ЕСЕП ШОТТАРЫ

Кестенің жалғасы

6230	Мемлекеттік субсидиялардан түскен кірістер
6240	Қаржылық емес активтердің құнсыздануынан болатын залалды қалпына келтіруден алынатын кірістер
6250	Бағам айырмасынан түскен кірістер
6260	Операциялық жалдаудан түскен кірістер
6270	Биологиялық активтердің әділ құнының өзгеруінен түскен кірістер
6280	Қаржылық активтердің құнсыздануынан болатын залалды қалпына келтіруден алынатын кірістер
6290	Өзге кірістер
6300	Тоқтатылатын қызметке байланысты кірістер
6310	Тоқтатылатын қызметке байланысты кірістер
6400	Үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынатын ұйымның пайда үлесі
6410	Қауымдастырылған ұйымдардың пайда үлесі
6420	Бірлескен ұйымдардың пайда үлесі
7-бөлім. Шығыстар	
7000	Өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны
7010	Өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны
7100	Өнімдерді өткізу мен қызметтерді көрсету бойынша шығыстар
7110	Өнімдерді өткізу мен қызметтерді көрсету бойынша шығыстар
7200	Әкімшілік шығыстар
7210	Әкімшілік шығыстар
7300	Қаржыландыруға арналған шығыстар
7310	Сыйақылар бойынша шығыстар
7320	Қаржылық жалдау бойынша пайыз төлеуге шығатын шығыстар
7330	Қаржылық аспаптардың әділ құнының өзгеруінен болатын шығыстар
7340	Қаржыландыруға өзге шығыстар
7400	Өзге шығыстар
7410	Активтерді қатардан шығару жөніндегі шығыстар
7420	Қаржылық емес активтердің құнсыздануынан түсетін шығыстар
7430	Бағам айырмасы бойынша шығыстар
7440	Дебиторлық берешектің құнсыздануы бойынша шығыстар
7450	Операциялық жалдау бойынша шығыстар
7460	Биологиялық активтердің әділ құнының өзгеруінен болатын шығыстар

ЕСЕП ШОТТАРЫ

Кестенің жалғасы

7470	Қаржы құралдардың құнсыздануынан болатын шығыстар
7480	Өзге шығыстар
7500	Тоқтатылатын қызметке байланысты шығыстар
7510	Тоқтатылатын қызметке байланысты шығыстар
7600	Үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын ұйым залалының үлесі
7610	Қауымдастырылған ұйымдар залалының үлесі
7620	Бірлескен ұйымдар залалының үлесі
7700	Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар
7710	Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар
8-бөлім. Өндірістік есептің шоттары	
8100	Негізгі өндіріс
8110	Негізгі өндіріс
8200	Жеке өндірістегі жартылай фабрикаттар
8210	Жеке өндірістегі жартылай фабрикаттар
8300	Көмекші өндірістер
8310	Көмекші өндірістер
8400	Жүкқұжат шығыстары
8410	Жүкқұжат шығыстары

Содержание

Приказ Министра финансов Республики Казахстан от 2 октября 2018 года № 877	43
Типовой план счетов бухгалтерского учета	44
1. Общие положения	44
2. Типовой план	44
3. Разделы типового плана	44
4. Счета раздела 1 «Краткосрочные активы»	45
5. Счета раздела 2 «Долгосрочные активы»	49
6. Счета раздела 3 «Краткосрочные обязательства»	55
7. Счета раздела 4 «Долгосрочные обязательства»	59
8. Счета раздела 5 «Капитал и резервы»	62
9. Счета раздела 6 «Доходы»	64
10. Счета раздела 7 «Расходы»	66
11. Счета раздела 8 «Счета производственного учета»	69
Приложение	
к Типовому плану счетов	
бухгалтерского учета	70
Раздел 1. Краткосрочные активы	70
Раздел 2. Долгосрочные активы	71
Раздел 3. Краткосрочные обязательства	74
Раздел 4. Долгосрочные обязательства	75
Раздел 5. Капитал и резервы	76
Раздел 6. Доходы	77
Раздел 7. Расходы	78
Раздел 8. Счета производственного учета	79

**О внесении изменения в приказ Министра финансов
Республики Казахстан от 23 мая 2007 года № 185
«Об утверждении Типового плана счетов
бухгалтерского учета»**

**Приказ Министра финансов Республики Казахстан
от 2 октября 2018 года № 877**

1. Внести в приказ Министра финансов Республики Казахстан от 23 мая 2007 года № 185 «Об утверждении Типового плана счетов бухгалтерского учета» следующее изменение:

Типовой план счетов бухгалтерского учета, утвержденный указанным приказом, изложить в новой редакции согласно приложению к настоящему приказу.

2. Департаменту методологии бухгалтерского учета и аудита Министерства финансов Республики Казахстан (Бектурова А. Т.) в установленном законодательством порядке обеспечить:

1) государственную регистрацию настоящего приказа в Министерстве юстиции Республики Казахстан;

2) в течение десяти календарных дней со дня государственной регистрации настоящего приказа в Министерстве юстиции Республики Казахстан направление его на казахском и русском языках в Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Республиканский центр правовой информации» Министерства юстиции Республики Казахстан для официального опубликования и включения в Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан;

3) размещение настоящего приказа на интернет-ресурсе Министерства финансов Республики Казахстан;

